

გამარჯობა    hoş gəlmisiniz  
Xush kelibsiz    vitajte    қош келдіңіз    добре дошли    Witamy  
**Welcome**    добро    запрашаем  
Բարի գալուսիտ    Кош келдиңиз    Vítejte  
ласкаво просимо    добро пожаловать



НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ ДББҰ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
ШЕБЕРЛІК ОРТАЛЫҒЫ

**«Критериалды бағалау  
құралдарын әзірлеу және  
сараптама жасау тәсілдері»**

Павлодар, 2021



# **КУЗЕМБАЕВ АЯН САНСЫЗБАЕВИЧ**

**Павлодар қаласындағы ПШО филиалының  
тренері**

**Байланыс телефоны: 8-705-612-90-77**  
**Жеке почта: [Kuzembaev.ayan@mail.ru](mailto:Kuzembaev.ayan@mail.ru)**



- Қай істің болсын өнуіне **үш шарт** бар:
- ең әуелі – **ниет** керек,
- одан соң – **күш** керек,
- одан соң – **тәртіп** керек.

*Мұхтар Әуезов*

# ВЕБИНАРДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- **Мақсаты:** орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында «Критериалды бағалау құралдарын әзірлеу және сараптама жасауда» педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру.

## **Міндеттері:**

- 1) бағалау құралдарын әзірлеу және сараптама жасаудың негізгі тәсілдерін көрсету;
- 2) бағалау процесінде қолданылатын тапсырмалардың түрлері мен сипатын көрсету;
- 3) бағалау құралдарын әзірлеу мен сараптама жасауды үйрету.

# КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

## **Вебинарға қатысушы:**

- 1) бағалау құралдарын әзірлеу және сараптама жасаудың негізгі әдіс-тәсілдерін, тапсырмалардың сипаттамасы мен түрлерін біледі және түсінеді;
- 2) бағалау құралдарын әзірлеу және сараптама жасау дағдыларын қолданады;
- 3) оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін критериалды бағалау жүйесін қолданады.

## Талқылау:

- Нормативтік құжаттар мен нұсқаулық әдістемелік құжаттар деген не? Қалай түсінесіз?
- Тәжірибеде қалай қолданылып жүр? Өз тәжірибеңізде осындай құжаттарды қолдану қаншалықты маңызды?
- Сіздің кәсіби қызметіңізге, пәнді оқытуға қатысты пайдаланатын нормативтік және нұсқаулық әдістемелік құжаттардың тізімі қандай?

Алдымен...



... содан кейін...



уақыт  
4 мин.!

# Нормативтік, нұсқаулық әдістемелік құжаттар

Нормативтік, нұсқаулық әдістемелік құжат – бұл:

- нормаларды белгілейтін, олардың қолданылуын өзгертетін, толықтыратын нысандағы жазбаша ресми құжат
- қандай да бір нормаларды мазмұндайтын акт



# Нормативтік және нұсқаулық әдістемелік құжаттар

- Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары
- Оқу бағдарламасы
- Ұзақ мерзімді жоспар
- Орта мерзімді жоспар
- Қысқа мерзімді жоспар
- 2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хат.
- Негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық
- Тоқсандық жиынтық бағалаудың спецификациясы
- Жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар
- Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы

# Пәнге қатысты құжаттар

Оқу  
мақсаттары  
мен  
күтілетін  
нәтижелер

Оқу бағдарламасы. Оқу  
жоспары (ұзақ мерзімді  
жоспар)

Бағалау  
күралдары

Жиынтық бағалауға арналған  
әдістемелік ұсыныстар  
Қалыптастырушы бағалауға арналған  
тапсырмалар жинағы

Оқу тәсілі  
мен бағалау  
нәтижелері

Қысқа мерзімді жоспар

# Бағалауды кімдер дайындайды?

➤ Мұғалім

➤ Мемлекет

➤ Сынып/Топ

➤ Халықаралық

➤ Мектеп

мекеме

➤ Өңір

➤ Құрастырушы

# Бағалау нәтижелері кімге керек? Кімдер пайдаланады?

- Оқушылардың
- Мемлекеттің
- Мұғалімдердің
- Әлемнің
- Ата-аналардың
- Қоғамдастықтың
- Мектептің/Өңірдің

# 1-тапсырма. Жағдаятты талдау

Сіз сыныбыңызда оқу бағдарламасындағы бөлімді оқушылардың меңгеру деңгейін анықтау үшін қағаз түрінде жиынтық бағалау бойынша тест өткізесіз.

**24 оқушының 16-сы** өте төмен балл алды («екілікке» сәйкес).

Мұның себебі не болуы мүмкін? Топта талқылаңыз.



# Бағалау құралдарын құрастыру үдерісі



# Бағалау

Әлемде объективті бағалау бар ма?

Бағалаудың объективтілігінің мәні неде?

Бағалау объективті болу үшін не істеу қажет?



Бағалау критерийі дегеніміз не?

Бағалау критерийі қандай болу керек?

Қандай критерийлер объективті болып есептеледі?

# Жақсы критерийдің сипаттамасы






# Бағалау критерийінің мысалы

<b>Оқу мақсаты</b>	6.3.1.2 VI-IX ғасырлардағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау
<b>Бағалау критерийі</b>	<ul style="list-style-type: none"><li>• VI-IX ғасырлардағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін анықтайды</li><li>• Мемлекеттердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын жіктейді</li></ul>

## 2-тапсырма. Оқушы жұмысының мысалы



Оқушы жұмысы  
Апельсин – 4 жәшік

Лимон – 2 жәшік

Алма – 5 жәшік

1)  $4 + 2 = 6$  (жәшік)

2)  $6 + 5 = 11$  (жәшік)

Жауап: жеміс

салынғын барлық 11

жәшік 11.

3

**Талқылау:**

**Мұғалім оқушының орындаған жұмысын дұрыс бағалаған ба?**

**Ол қандай критерийге сүйенген?**

**Нені бағалаған? Сіз қалай бағалар едіңіз? Оқушының жауабы дұрыс па?**

**Оқушыны осылай жазалауға бола ма?  
Ол үшін не істеу керек?**

# Бағалау критерийі

Қанша бағалау критерийі болуы қажет?

Бөлім/ортақ тақырып бойынша, тоқсандық жиынтық бағалауда қанша және қандай оқу мақсаттарын қамту қажет?



# Бағалау критерийі

## Ұсыныстар:

- ✓ Бағалау критерийлерінің санын азайтыңыз
- ✓ Барлығын қамтуға тырыспаңыз
- ✓ Оқу мақсаттарының деңгейі мен көлемін есепке алыңыз



(<http://jfmueLLer.faculty.noctrl.edu/toolbox/howstep3.htm>)

### 3-тапсырма. Миға шабуыл:

## Бағалау критерийлерін ойлау дағдыларының деңгейлеріне сәйкестіру

**Оқу мақсаты:** 6.3.1.2 VI-IX ғасырлардағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау

**Бағалау критерийі**

**Ойлау дағдыларының деңгейі**

VI-IX ғасырлардағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін анықтайды

Мемлекеттердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын жіктейді

# Бағалау критерийлерінің сапасын бағалау үшін тексеру парағы

Сипаттамасы		№ критерий	
		Сәйкес	Сәйкес емес
1	Бағалау критерийі оқу мақсатымен байланысты		
2	Бағалау критерийі нақты, анық және тиянақты		
3	Бағалау критерийі нақты бақылау әрекеттерін көрсетеді (өлшемді)		
4	Бағалау критерийі күтілетін нәтижелерді көрсетеді		
Бағалау критерийлері сапасы туралы жалпы қорытынды			
<input type="checkbox"/> <b>Өте жақсы</b> <input type="checkbox"/> <b>Ішінара түзетуді қажет етеді</b> <input type="checkbox"/> <b>Түзетуді қажет етеді</b>			

# Бағалауға арналған тапсырмалар



- ▶ Бағалау үшін Сіз көбінесе қандай тапсырмаларды қолданасыз? Неліктен?
- ▶ Бағалау үшін қандай түрдегі тапсырмалар қолданылады?
- ▶ Жабық тапсырмалар не үшін қолданылады?
  - ▶ Жабық тапсырманың қандай түрлері болады?
  - ▶ Сіз жабық тапсырмалардың қандай түрлерін қолданасыз? Неліктен?



# Бағалау жұмыстарының қызметі

Оқушының білімін  
бағалау

Білім сапасын тексеру

?

Оқу-білім беру үдерісін  
бағалау

Оқушылар тобын  
аттестаттау

# Тапсырма құрастыру кезінде неге сүйену қажет?

- Оқу бағдарламасы және оқу жоспары
- Спецификация
- Құрастырылған бағалау критерийлері
- Кәсіби іс-тәжірибе/мұғалімнің шешімі
- Оқу материалын қамту көлемі мен деңгейі
- Оқушы деңгейі
- Оқушылардың ерекшеліктері мен қажеттіліктері

# Тапсырманың түрлері

## Жабық тапсырмалар

Бір дұрыс жауапты таңдайтын

Бірнеше дұрыс жауапты таңдайтын

Сәйкестікті анықтауға берілген

Дұрыс реттілікті анықтауға берілген

## Ашық тапсырмалар

Қысқа жауапты қажет ететін

Толық жауапты қажет ететін

Эссе

# Жабық тапсырмалар

- Көп таңдауы бар тапсырмалар
- Салыстыру және сәйкестендіру
- Шындық немесе Жалған
- Мәтіннен белгілеу
- ...

# Бір дұрыс жауапты таңдау тапсырмасы

XIX ғасырдың 50-жылдары «әлем шеберханасы» атанған елді белгілеңіз.

- A. Англия
- B. Ресей
- C. Германия
- D. АҚШ



# Бірнеше дұрыс жауапты таңдау тапсырмасы

XVIII ғасырдың екінші жартысындағы Англиядағы өнеркәсіп төңкерісінің 3 негізгі белгісін белгілеңіз.

- A. шаруалардың жойылуы
- B. жалдамалы жұмысшыларды пайдалану
- C. жұмыс машиналарын, станоктарды ойлап табу
- D. ауыл шаруашылығының дамуының артуы
- E. мануфактуралардың орнына фабрикалардың келуі
- F. ірі жер иеленушілердің қолында жердің болуы



# Сәйкестендіру тапсырмасы

1. Басқару формалары мен мемлекеттерді сәйкестендіріңіз.

<i>№</i>	<i>Басқару формалары</i>	<i>№</i>	<i>Мемлекеттер</i>
1	Бас штаттар	А	Испания
2	Парламент	В	Франция
3	Кортес	С	Чехия и Польша
4	Сейм	Д	Англия
5	Боярлық Дума	Е	Россия

*Жауаптары:*

1-	2-	3-	4-	5-
----	----	----	----	----

# Сәйкестендіру тапсырмасы

Төмендегі берілген ежелгі Спарта қоғамы мүшелерінің құқықтарын бағдар арқылы сәйкестендіріңіз.

Спартандар	Лаконикада туған тұрғындар; жеке бостандығын сақтаған, бірақ мемлекет билігіне араласпаған
Периэкттер	Спартаға басқа мемлекеттерден келген қоныстанушыларға берілген құқықтар ие болған
Илоттар	Барлық құқықтарға ие болғандар
	Ешқандай құқыққа ие болмағандар
	Көне Спартаның жергілікті тұрғындары, спартандар өздеріне бағындырған. Жер телімдеріне бекітілген мемлекеттік құлдар.



# Реттілікті анықтау тапсырмасы

Екінші Дүниежүзілік соғыстың тарихи оқиғаларын хронологиялық реттілікпен орналастырыңыз:

A	Кеңес-Фин соғысы (КСРО мен Финляндия арасында)
B	Хиросима мен Нагасакиге атом бомбаларының тасталуы
C	Германияның КСРО-ға шабуылдауы
D	Кеңес әскерінің Польшаға басып кіруі

# «Шындық немесе жалған» тапсырмасы

Тұжырымдаманың шындық/жалған екенін анықтаңыз.

Тұжырымдама	Ш	Ж
Исламға дейін түркі халықтарында дін болмады		
Ұлы Жібек жолы тек сауда байланысын қамтамасыз етті		
Отырар, Түркістан, Тараз ежелгі қалалар		
Қазақ хандығының құрылуы Керей мен Жәнібек есімдерімен байланысты		

# 4-тапсырма

## Жабық тапсырма:

### Артықшылықтары мен кемшіліктері



**Жабық тапсырмалардың артықшылығы мен кемшіліктері туралы шағын топта талқылауға қатысып, өз пікіріңізбен бөлісіңіз.**

# Жабық тапсырмалар

## Артықшылықтары

- Балл қою жеңіл
- Балдарды есептеу қолайлы
- Балдарды автоматты есептеу мүмкіндігі
- Жауаптың мүмкін нұсқаларының бар болуы
- Тапсырманы орындауға аз уақыт жұмсалады
- 

## Кемшіліктері

- Бастауыш сыныпта оқуға көп уақыт кетеді
- Білімнің тар ауқымын тексеруге бағытталған
- Жауапты кездейсоқ таңдау мүмкіндігінің бар болуы
- Тапсырманы орындау үдерісін бағалау мүмкін емес
-

# Көп таңдауы бар тапсырма мысалы

Тарихи кітапты көрсетіңіз

А) Тарихи Рашиди

В) Күннің баяны

С) Жоямерген, Құламерген

Д) Анализ баспалары



# Көп таңдауы бар тапсырма мысалы

Берілген үзіндідегі әннің атауын анықтаңыз.

*Қаратаудың басынан көш келеді,  
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді,  
Елім-ай, Елім-ай...*

- A) Елім-ай
- B) Қайран заман
- C) Ақтабан шұбырынды
- D) Қалың елім, қазағым, қайран жұртым!



# Көп таңдауы бар тапсырма мысалы

Шэнси провинциясының солтүстігіндегі Сиань қаласынан 8099 терракот мүсіндері мен олардың аттары табылған. Ол әлемнің сегізінші кереметі аталды. Б.з.д. 259-210 жылдары билік еткен Цинь Шихуан императорының мүсінді әскері. Мүсіншелерді сомдауға мыңға жуық адам жұмылдырылған.

Цинь Шихуан Қытайдың нешінші императоры?

- A) 1
- B) 2
- C) 3
- D) 4
- E) 5



# Көп таңдауы бар тапсырма мысалы

Қазіргі заманға жататын оқиғаны анықтаңыз.

A) Жаңаөзен көтерілісі

Қазіргі заман тарихы

B) Орбұлақ шайқасы

Орта ғасыр тарихы

C) Атлах шайқасы

Орта ғасыр тарихы

D) Сақтардың күресі

Ежелгі заман тарихы





# Көп таңдауы бар тапсырманың мысалы

КСРО мен РФ-ның Президентін көрсетіңіз

- A. Н.Хрущев
- B. Л.Брежнев
- C. К.Черненко
- D. М.Горбачев
- E. Б.Ельцин




# Ашық тапсырма


- ✓ Сіз қандай ашық тапсырмаларды қолданасыз? Неліктен?
- ✓ Төмендегі тапсырмалар түрлерінен көбіне қалыптастырушы / жиынтық бағалау кезінде қайсысын жиі қолданасыз? Неліктен?

- Қысқа жауап
  - Толық жауап
  - Эссе
  - Курстық жұмыс
  - Жоба
  - Баяндама
  - Эксперимент
  - Портфолио
- 
- Таныстырылым

# Ашық тапсырмалар



# Қысқа жауапты қажет ететін тапсырма



# Толық жауапты қажет ететін тапсырма

Төмендегі суреттер мен кілт сөздерді қолданып, «Өнеркәсіп төңкерісі әлемді өзгертті» тақырыбында ПТМС формуласы бойынша сипаттама беріңіз.

**Кілт сөздер:** *мануфактура, фабрика, машина*



*Эссе критерийлері:*

1. Позиция (мен ... санаймын)

Түсіндіру (себебі.....)

Мысал (мен мұны ... мысалдар арқылы дәлелдей аламын)

Салдар (осылайша айтылған мәселе бойынша ... қорытынды жасаймын)

2. Суреттер мен кілт сөздерді қолдануы

# 5-тапсырма

## Ашық тапсырманың артықшылығы мен кемшіліктері



Ашық тапсырмалардың  
артықшылығы мен  
кемшіліктері туралы  
топта талқылаңыз, өз  
ойыңызбен бөлісіңіз.

# Ашық тапсырмалар

## Артықшылықтары

- Тақырып мазмұнының басым бөлігін қамтуға мүмкіндіктің болуы
- Шығармашылыққа, жүйелі және стандартты емес ойлауға, білімі, дағдысы мен қабілетін түрлі тәсілдер арқылы көрсетуге мүмкіндіктің болуы
- Нәтижесін (салдарын) құруға мүмкіндіктің болуы
- Жауап беруде аргумент келтіруге және дәлелдер келтіруге мүмкіндіктің болуы
- Өз болмысын көрсетуге мүмкіндіктің болуы
- ...

## Кемшіліктері

- Дескрипторлар / балл қою кестесін құру қиындық тудырады
- Балл қоюдың субъективтілік қаупі бар
- Жұмысты тексеруде және бағалауда уақытты талап етеді
- ...

# Ашық тапсырмалар

Ашық түрдегі тапсырмаларды құрастыру кезінде:


- Оқушылардың қате жіберуіне мүмкін болатындай күрделі немесе шашыраңқы тұжырымдардан аулақ болыңыз. Сондай-ақ, мәтін тілін шектен тыс жеңілдетуге де болмайды, бұл тапсырманың күрделілік деңгейінде білінуі мүмкін.
- Оқушылардың жағымсыз әрекетін туындататын тұжырымдардан аулақ болыңыз. Қажет болған жағдайда жауапта шектеуді қолданыңыз.
- Тапсырма мазмұны оқушыда мазасыздықты және күйзелуді тудырмауы қажет.



# Қысқа жауапты қажет ететін тапсырма

Крест жорықтарының себептері мен салдарын жазыңыз.

<i>Крест жорықтары</i>	
<i>Себептері</i>	<i>Салдарлары</i>



# Қысқа жауапты қажет ететін тапсырма



- Сурет бойынша анықтаңыз:
  - а) Қала қай өзеннің бойында орналасқан?
  - б) Қандай тарихи оқиға бейнеленген?



# Толық жауапты қажет ететін тапсырма

«Ұлы Жібек жолы бойындағы сауда»  
тақырыбында эссе жазыңыз.



# Толық жауапты қажет ететін тапсырма

Афинадағы мемлекеттік биліктің жоғарғы органы болып халық жиналысы табылды, ол анықталған нақты мерзімде жылына 40 рет шақырылатын. Халық жиналысына тек жиырма жасқа толған толық құқылы афиндік азаматтар ғана қатыса алатын. Шешім қабылдау үшін 6 000 адамның болуы міндетті болатын. Басқарудың жоғарғы органы болып бас жүздік кеңесі табылған, оған әрбір аумақтық он фильден бір жылға жеребе арқылы сайланатын, 30 жасқа толған 50 азамат кіретін.

Солонның кезінде Афинада қанша филь болды, одан адам қанша адам сайланған?



# Қысқа жауапты қажет ететін тапсырма

В. Г. Перовтың «Қаладан оралу» суретін пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.



Суретке басқаша қандай атау бере аласыз?

---

Неге осындай атау бересіз?

1-аргумент \_\_\_\_\_

2-аргумент \_\_\_\_\_

# Толық жауапты қажет ететін тапсырма

«XVIII-XIX ғасырлардағы ұлт-азаттық көтеріліс жетекшілерінің рөлі» тақырыбында эссе жазыңыз. Өз еркіңіз бойынша бір көтеріліс жетекшісін таңдаңыз.

*Исатай Тайманұлы/Махамбет Өтемісұлы/ Сырым Датұлы/Кенесары Қасымұлы*

Эссе критерийлері:

*Тұлғаның көтеріліс барысындағы іс-әрекетін сипаттау;*

*Тұлғаның ерлігі туралы кемінде екі дәлел келтіру;*

*Көтерілістің нәтижесін жазу;*

*Көтерілістің тарихи маңызын жазу;*

*Тұлғаның көтерілістегі рөліне баға беру.*



# ЭССЕ

## Иә немесе Жоқ?

Эссені бағалаудың бір түрі ретінде қолданасыз ба?

Эссені қолданудағы артықшылықтар мен кемшіліктер қандай?



# ЭССЕ

## *Артықшылықтары:*

- Жоғары деңгей дағдыларын бағалауға мүмкіндіктің болуы
- Оқушылардың жауабын білу ықтималдығының аздығы
- Оқушылардың пайымдау дағдысын көрсетуіне, өз көзқарасын білдіруіне мүмкіндігінің болуы
- Оқушыларды көбірек оқуға жетелеуі


## *Кемшіліктері:*

- Шектеулі материалды қамтиды, валидтілікті төмендетеді
- Балл қою және бағалау қиындық туғызады (субъективті)
- Көп уақыт алады



# ЭССЕ

## Эссе форматында тапсырмаларды құрастыру бойынша ұсыныстар



# Кері байланыс





**Назарларыңызға рахмет!**